

ТЕОРИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА
ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ЛИНГВИСТИКА
THEORETICAL LINGUISTICS

Мақала
FTAMP 16.39.29

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-5-17>

Қ.Қ. Рысберген 

филология ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: ms.rysbergen@mail.ru

ХАЛЫҚТЫҚ ТАРИХИ МИКРОТОПОНИМДЕРДІҢ
ЛИНГВОМӘДЕНИ СЕМАНТИКАСЫ

Аңдатпа. Зерттеудің басты идеясы – Ресей патшалығының қазақ жерін отарлаудың соңғы кезеңіндегі қазақ ауылдарының топонимдік портретін, географиялық образын айқындау арқылы ол жерлердің бағзы заманнан қазақ ру, тайпалары иелік еткен, көшіп-қонған төл атажұрты екендігін тарихи-дерекнамалық, топонимдік деректер арқылы дәйектеу.

Мақалада XIX-шы ғ. соңы – XX-шы ғ. бас кезеңіндегі Қазақстанның солтүстік, солтүстік-шығыс тарихи аймағының топонимдік бейнесін, тілдік контентін анықтау, микротопонимдердің мазмұнындағы этномәдени семантикасын айқындау мақсаты қойылды. Зерттеу өзектілігі аталмыш аймақтың ерте кезден қазақ ру, тайпаларына тиесілі атажұрты болғандығын топонимдік деректер арқылы дәйектеу қажеттілігімен байланысты болды.

Мақала тақырыбының жаңалығы мен ғылыми құндылығы – зерттеу аймағының микротопонимдері семантикасындағы аталымдық уәж, ашық тілдік код пен жабық кодқа салынған мәдени ақпараттар, атаулар семантикасындағы халықтық білімдердің сипатталуымен айқындалады. *Ағаш* индикаторының қатысуымен жасалған микротопонимдердің семантикасын талдау арқылы оның этномәдени әлеуеті ашылады.

Зерттеу барысында тілдік материалды жүйелеу, сипаттау, тарихи-деректік интерпретация жасау сынды дәстүрлі әдістер қолданылды. Сондай-ақ топонимдердің лингвомәдени мазмұнындағы рационалды, иррационалды (мифтанымдық, эзотерикалық) білімдер түрі көрсетілді.

Тарихи-тілдік деректерді талдау үшін *герменевтикалық әдіс* тиімді болады. Зерттеудің болашақ *перспективалары* негізделді, ең бастысы, тарих дереккөздерден Қазақстанның барлық тарихи аймақтарындағы ономастикалық атаулар (топонимдер, антропонимдер, патронимдер, генонимдер) жинақталып, түгенделуі тиіс екендігі дәйектелді. Болашақта *pdf* (фото) форматтағы тарихи дереккөздерден, ескі карталардан жер-су атауларының *word, excel* форматындағы дерекқорын жасау, цифрлау, «Қазақ тілінің ұлттық корпусының» Ономастикалық ішкорпусының базасына енгізу қажеттілігі жөнінде *тұжырым* жасалды.

Тірек сөздер: микротопоним, мәдени семантика, отарлау саясаты, көшпелі мал шаруашылығы, герменевтика.

Қ.Қ. Рысберген

доктор филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: ms.rysbergen@mail.ru

ЛИНГВОКУЛЬТУРНАЯ СЕМАНТИКА
НАРОДНЫХ ИСТОРИЧЕСКИХ МИКРОТОПОНИМОВ

Аннотация. Основная идея исследования связана с необходимостью определения топонимического портрета и географического образа традиционного казахского аула в последний период колонизации казахской земли Российской империей, а также на основе историко-документальных и топонимических данных указать на факт изначальной принадлежности исследуемой территории казахским родам и племенам, в пределах которых они кочевали веками.

В статье поставлена цель определения топонимической картины мира, языкового контента, этнокультурной семантики микротопонимов северных и северо-восточных исторических областей Казахстана конца XIX в. и начала XX века. Актуальность исследования обусловлена необходимостью обоснования топонимических данных, свидетельствующих о том, что этот регион с древних времен был заселен казахскими родами и племенами и является их исконной территорией.

Новизна и научная ценность темы исследования определяются описанием мотивов номинации в семантике микротопонимов данной территории, выявлением культурной информации, заложенной в открытом и закрытом языковом коде, а также системы народных знаний в семантике имен. Путем анализа культурной семантики

микротопонимов, созданных с участием индикатора *ағаш*, выявлен его этнокультурный потенциал.

В ходе исследования были использованы традиционные методы, такие как систематизация, описательный метод и историко-документальная аргументация языкового материала. Также указаны рациональный, иррациональный (мифологический, эзотерический) тип знаний в лингвокультурном содержании топонимов.

При анализе историко-лингвистических данных наиболее эффективным будет *герменевтический метод*. Обоснованы дальнейшие перспективы исследования, а главное, сделан вывод о том, что ономастические названия (топонимы, антропонимы, патронимы, генонимы) всех исторических регионов Казахстана должны быть собраны и инвентаризированы из исторических источников. В дальнейшем сделан вывод о необходимости создания, оцифровки базы данных географических названий в формате *word, excel* из исторических источников и старых карт в формате *pdf* (фото), внесения в базу данных Ономастического подкорпуса «Национального корпуса казахского языка».

Ключевые слова: микротопоним, культурная семантика, колониальная политика, кочевое скотоводство, герменевтика.

K. Rysbergen

Doctor of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: ms.rysbergen@mail.ru

LINGUOCULTURAL SEMANTICS OF FOLK HISTORICAL MICROTOPYNOMS

Abstract. The main idea of the study is to determine the toponymic portrait, geographical image of Kazakh villages of the last period of colonization of Kazakh lands of the Russian Empire through historical and chronicle, toponymic data and to substantiate that these lands are indigenous ancestral homeland, which have been owned and migrated by Kazakh tribes since time immemorial.

The paper aims to determine the toponymic image, linguistic content, ethno-cultural semantics in the content of microtoponyms of the northern, north-eastern historical region of Kazakhstan in the period of the late XIX-early XX century. *The relevance of the research* is due to the need to substantiate toponymic data indicating that this region has been inhabited by Kazakh clans and tribes since ancient times and is their ancestral territory.

The novelty and scientific value of the topic of the paper – name motivation in the semantics of microtoponyms of the studied area, cultural information embedded in the open language code and closed code is determined by the description of folk knowledge in the semantics of names. The analysis of the semantics of microtoponyms with the participation of the *tree* indicator revealed its ethno-cultural potential.

In the course of the research, traditional methods of systematization, description of linguistic material, historical and factual interpretation were used. The type of rational, irrational (mythological) knowledge in the content of toponyms was also demonstrated.

The hermeneutic method will be effective for analyzing historical and linguistic data. The future *prospects* of the study are substantiated, and most importantly, it follows from historical sources that onomastic names (toponyms, anthroponyms, patronyms, patronyms, genonyms) in all historical regions of Kazakhstan should be collected and inventoried. In the future it was concluded that it is necessary to create, digitize the database of geographical names in *word, excel* format from historical sources and old cards in *pdf* (photo) format, to include in the database Onomastic subcorpus of the "National Corpus of the Kazakh Language".

Keywords: microtoponym, cultural semantics, colonial policy, nomadic animal husbandry, hermeneutics.

Кіріспе

Жер-су атауларының қоғамдағы орны мекенжайлық қызметімен шектелмесе керек. Тарихи топонимдер көшпелі халқымыздың сан ғасырлық тыныс-тіршілігінен, өмірлік тәжірибесінен, қоршаған ортасы жөнінде сыр шертетін, ата-бабаларымыздың даналығы көрініс тапқан мәдени, тарихи феномен.

Ата-бабаларымыз ауқымды еуразиялық кеңістікте емін-еркін көшіп-қонып, өз тіршілік қажеттілігіне орай игерген. Табан тіреген аймақтарда ізін жер-су атауларында қалдырып отырған. Ежелгі өркениет иелері өз тіршілігін ұйымдастыру үшін өмір сүрген кеңістікті, қоршаған ортаны танып, зерделеп, қоғам мүшелерінің қажеттілігіне сай игеріп, атаулармен таңбалап отырған. Қандай да бір географиялық кеңістікті танып, онда қоныстану қай халықтың болмасын ұлттық менталитетін қалыптастыруда айрықша рөл атқарды.

Зерттеу аймағы, яғни Қазақстанның солтүстік, солтүстік-шығыс аймақтары XX-шы ғасырға дейін ғасырлар бойы қазақтың ру, тайпалары иелік еткен, табиғи шекарасы бар белсенді көшпелі аймақ болған.

Қазақ тайпалары Қазақстанның қазіргі қалыптасып отырған әкімшілік-территориялық

құрылымы мен мемлекеттік шекарасы сыртындағы қазіргі Ресей, Қытай, Өзбекстанға тиесілі трансшекаралық аймақтан ары қоныстанғандығы туралы тарихтан белгілі. Әлі күнге сол мемлекеттердегі қазақ этносы диаспорасы өз тарихи отанынан ауып айныған емес.

Әлемдік саяси аренадағы қуатты державалардың текетіресі, көрші Ресей саясаткерлері тарапынан еліміздің солтүстік аймақтарына қатысты жиірек айтылып жүрген сепаратистік идеялары осы ғылыми зерттеуді қолға алуға негіз болды. Зерттеу нысанымызға сол кездегі солтүстік, солтүстік-шығыс өңірлерінің топонимдік деректері негіз болды.

Мақалада Ф.А. Щербинаның, Н.И. Красовскийдің еңбектерін негізге ала отырып, XIX-шы ғасырдың соңы мен XX-шы ғасырдың бас кезеңінде аталмыш аймақтың топонимдік портретін, физика-географиялық ландшафт бейнесін сипаттау арқылы сол кезеңдегі тілдік контентті айқындау, қандай атаулар белсенді қолданыста болғандығын көрсету маңызды болды. Ғылыми мақсатқа орай аталмыш тарихи дәуірдегі дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан микротопонимдік жүйенің негізгі аталым түрлері мен уәждері, ашық тілдік кодтағы ақпарат пен қатар жабық мәдени кодты айқындау жолдары, тәсілдері көрсетілді. Топонимдер мәдени семантикасындағы халықтық білімдер мен түсініктер ажыратылып көрсетілді. Түптеп келгенде сепаратистік риториканың үдеуімен байланысты зерттеу аймағының қазақ халқының «кіндік қаны тамған» атажұрты екендігін ғылыми фактологиялық негізде көрсету, дәлелдеу маңыздылығы артып отыр.

Материал және әдістер

Зерттеу материалы ретінде Орынбор губерниясына қарасты Ақмола облысының Ақмола, Омбы, Атбасар, Петропавл уездері, Семей облысының Қарқаралы, Павлодар уездерінің топонимдік, антропонимдік, патронимдік, генонимдік деректері іріктеліп, өзгеріссіз көшіріліп, каталог түрінде түзіліп, алынды. Лингвистикалық зерттеуге қажет топонимдік бірліктер, деректік база орыс ғалымдары Ф.А. Щербинаның «Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей» атты 12-томдық еңбегінің 2, 3, 4, 6, 11, 12 томдарынан (Щербина, 1902-1906), Н.И. Красовскийдің 3-томдық (Красовский, 1868) және т.б. еңбектер мен ескі карталарлардан алынды.

Зерттеу барысында Ресей патша үкіметінің отарлау саясатына қатысты шетелдік, отандық авторлардың тарихи-деректік, ғылыми-теориялық еңбектеріне сүйендік. Отарлау нәтижесінде жойылып, ұмыт болған, бұрмаланған, орыс топонимдерімен ауыстырылып, қайта аталған атаулар жөнінде көптеген зерттеулер бар екендігі белгілі. Бұл зерттеудің өзгешелігі мен жаңашылдығы XIX-XX ғасырлар тоғысындағы қазақ даласының жер-су атауларының тілдік-ландшафттық, географиялық бейнесі ғана айқындалып қоймай, мәдени семантикасы сипатталады, кодталған ақпараттар көрсетіледі. Зерттеудің өзектілігі дәстүрлі қазақ қоғамының топонимдік жүйесінің герменевтикалық сипаттама жасау қажеттілігімен айқындалады.

Жер-су атауларының герменевтикасы – ол топонимдерді түсіндіруде олардың терең мағыналарын, мәдени-тарихи және әлеуметтік жағдайларын талдау мен түсінуді қамтитын тәсіл. Герменевтика философиялық пән ретінде мәтіндер мен белгілер жүйесін түсіндірумен айналысады, жасырын мағыналар мен қатынастарды ашуға ұмтылады. Жер-су атауларына қолданылғанда герменевтикалық тәсіл олардың шығу тегі мен тура мағынасын зерттеп қана қоймай, сонымен қатар бұл атаулардың мәдени болмысын, тарихи оқиғалар мен мифтік аңыз-әпсаналарды, әлеуметтік өзгерістерді терең талдауды қамтиды. Сонымен қатар зерттеу материалының сипатына орай экстраполяция әдісі қолданылды, өйткені кейбір топонимдік модельдер, мысалы, *су*, *тас*, *бұлақ*, *төбе*, *тоғай* т.б. апеллятивтермен келетін жер-су атаулары т.б. Қазақстанның тарихи және қазіргі барлық аймақтарына тән болып келеді.

Зерттеу тақырыбына қатысты болашақ даму перспективасы мен болжамдар, тұжырымдар айтылды.

Әдебиетке шолу

Зерттеуге қажет тарихи, ғылыми әдебиетті екі бағытта қарауға болады. Біріншісі, XIX ғ. соңы – XX ғ. бас кезеңіндегі Ресей империясының Орталық Азия мен Қазақстанды отарлау, игеру мақсатында ұйымдастырылған көптеген әскери-статистикалық, топографиялық-геодезиялық экспедициялардың аса құнды фактографиялық материалдары, әскери, тарихи

карталар болса, екіншісі, ғылыми-теориялық зерттеулер, олар шетелдік, орыс және отандық тарихшылардың, этнографтардың, тілші ғалымдардың еңбектері.

Зерттеудің деректік базасы ретінде «Материалы по киргизскому землепользованию...» атты ауқымды іргелі еңбек (әрі қарай – МКЗ) негіз болды. Бұл еңбекте XIX ғ.соңы мен XX ғ. бас кезеңдеріндегі қазақ халқының географиясына, этнографиясына, демографиясына, топонимиясына, ру-тайпалық құрылымына, дәстүрлі шаруашылығына қатысты аса құнды көптеген деректер берілген. Әсіресе зерттеу аймағына арналған Ф.А. Щербинаның еңбектеріндегі алуан сипаттағы деректерден бөлек кесте түрінде жүйеленіп берілген жер-су атаулары, ауыл, рубасы аттары зерттеуге негіз болып, зор септігін тигізді (Щербина, 1902-1906). Онда физика-географиялық деректерден өзге құнды болып есептелетін тұсы – кестеде облыс, уез, ауыл, адам саны, жасы, төрт түлік малдың саны т.б. статистика тәптіштеп келтірілген. Әр ауылдың ру басы, ақсақалдарының аты-жөндері патроним, генонимдік жүйеде берілген. Сондай-ақ әр ауыл шеңберіндегі микротопонимдер тізімі, ол аймаққа нақты ру қанша уақыттан бері қоныстанған туралы деректер бар.

Көптеген әскери картографиялық деректерде қазақ даласының негізгі топонимдер массиві тіркелгендіктен, олар жан-жақты кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Н.И. Красовскийдің 3-томдық еңбегі (Красовский, 1868), отандық тарихшы этнографтардың М. Мұқановтың (Муканов, 1991), С. Толыбековтың (Толыбеков, 1971), Д. Кішібековтің (Кшибеков, 1984), Н. Масановтың (Масанов, 1995), И. Ерофееваның (Ерофеева, 2014), Н. Әлімбаевтың (Alimbay, 2020) т.б. еңбектері пайдаланылды. Солтүстік Қазақстанның тарихи топонимиясына арналған қазіргі қазақ мамандары И. Бекзатқызының (Бекзатқызы, 2021), облыстық архив директоры С. Ахметжанова мен т.б авторлардың еңбектерін атауға болады (Ахметжанова т.б.).

И. Бекзатқызының кітабында облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерінің атаулары бойынша тарихи деректер келтірілген. Сондай-ақ геоақпараттық жүйе технологиясын қолдана отырып, архив деректері негізінде жасалған карталар ұсынылған.

Жер-су атауларының тілдік, лингвомәдени сипатына қатысты жұмыста «Қазақтың этнографиялық ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5-томдық энциклопедиясының (Қазақтың этнографиялық..., 2017) материалдары пайдаланылды. Тілші ғалымдар Н. Уәлидің (Уәли, 2015), Қ. Рысбергenniң (Рысберген, 2011) т.б. еңбектері басшылыққа алынды.

Нәтижелер және талқылау

Топонимиядағы отарлау нарративі. Қазақ даласын Ресей патшалығы отарлауы XVII ғ. орта тұсында бастау алғандығы мәлім, 1730 жылдардан бастап XIX ғ. соңына дейін қазақ жерінің шекарасын бойлап, бекініс, қорғандарды, хутор, поселке, қалаларды көптеп салып тастаған. Орыс басқыншылығы мен отарлау саясатының қазақ халқының ұлттық бірегейлігіне, рухани мұрасына, тілі мен діліне келген орасан қауіп жөніндегі көптеген гуманитария сала мамандарының зерттеулері, еңбектері мол болғандықтан, біз тек зерттеу мәселе төңірегінде сөз қозғаймыз. Қазақ сахарасының төл жер-су атаулары орасан өзгеріске ұшырап, тоқтаусыз орыс тіліндегі атаулар жүз мыңдап өзгертілді, ауыстырылды, тыңнан қойылды, ол туралы тарихшылар мен лингвист, журналистердің жазған монографиялары, диссертациялары, мақалалары да жетерлік, сондықтан сол кезде сақталған қазақ тіліндегі микротопонимдерге ғана тоқталамыз.

Белгілі ғалым М. Мырзахметов топонимикалық атаулар жөнінде Қазақстанның Ресейге қосылу тарихының ел билеу жүйесінде патша үкіметі орнатқан әрі терең ойластырыла ұстанған саясатын, осыдан қазақ даласын біртіндеп, асықпай отарлаудағы қолданған айла-шарғылардың эволюциялық даму жолын отаршылдық мазмұндағы географиялық атауларының біртіндеп ену, молая түсу әрекеттерінің болмысы айқын көрінетіндігін айтқан (Мырзахметов, 1993).

«Айқап» журналы авторларының бірі «Түркістан уәлаятында қазақ ішінде орнығып жаңадан қала салып отырған қара шекпендер көбейді. Жақсы жерлер қара шекпенге кетті, қазаққа шөл, қыр дала қалды. Ойлап тұрсақ, қазаққа обал болды. Амал жоқ, қазақтың жеріне тиме дегенмен жердің алынғаны. Қазақ байғұс жері кеткен соң қалайша күн көреді, тамақ асырауға һәм былайғы елден қалыспай ретке кірмекке керек», – деп ашына сөз етеді (Сұбханбердина, 1995). Өз кезегінде бұл қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан, үйлесімді қызмет етіп келген дәстүрлі әлеуметтік-құрылымдық, территориялық бірегейлігін бұзып,

күйзеліске ұшыратты.

«Крестьяне колонизаторы не только сумели сесть на запретных землях, но и прочно устроились, заставивши самим фактом широкой хозяйственной культуры признать за ними право на занятия земли... Под видом аренды земель идет дальнейшее завоевание степей русским населением» (Щербина).

Осылай дей тұрғанымен Ф. Щербинада ұшан-теңіз Қостанай өлкесін орыс шаруаларының қоныстануының қазақ шаруасы үшін орасан пайдасын тигізгендігі, шаруашылық мәдениетін, тұрмыс деңгейін көтергендігі туралы прагматика басым. Қазақтар өз жерлерін орыстарға жалға беруге дайын, олар одан көп пайда көретіндігі туралы, азыққа, тұрмыстық заттарға жарығандығы туралы айтады.

«Бұрын ешкім көріп-білмеген жерлерде, әсіресе Тобыл өзенінің сағасында америкалық жылдамдықпен 12 мың халқы бар Қостанай қаласы тез өсе қалды. Сол Тобылдың бойында және одан шалғайырақ жерлерде, далалы, орманды алқаптарда қырғыз жеріне мықтап орнығып, қоныстанған он екі ірі шаруа поселкелері пайда болды», – деп, «игерген», бос жатқан жер көлемін мал, жан санын, есеп-қисаптарын таблицаға салып, қай ру қай жерде отырғандығын тәптіштеп тұрып көрсеткен (Щербина, 1902-1906: 11).

Таяқтың екі ұшы бар дегендей, қазақ жерінің орыстану үрдісі күшейіп, ұлттық бірегейлігімізден анық айрылу, жойылу қаупі төнгендігі тарихтан жақсы мәлім. Бүгінгі қазақ жерінде сол отарлау дертіне шалдыққан топонимдер әлі күнге жетерлік.

Бұл жайында отандық зерттеушілер «...қолданыстағы топонимикалық ландшафтты осылайша жаппай орыстандыру қазақ малшыларының қоныс аумақтарын переселен шаруалардың шартты түрде иеленгендігін білдіреді, яғни дереккөздерде көрсетілгендей әкімшілік және зорлық-зомбылық арқылы орын алып отырған. ...Осы тұрғыдан алғанда, жергілікті халықтың еркінен тыс дәстүрлі топонимиканың алмастырылуы, шын мәнінде қазақ жерін крестьяндық отарлаудың бір бағыты болды. Шындығында, ескі топонимиканы жаңасына жаппай ауыстыру көшпелілердің қауымдық тайпалық қоныс шекарасын белгілеудің дәстүрлі жолын жоюға бағытталған» (Nursan т.б., 2023).

Бұл мәселені америкалық автор төмендегідей сөздермен дәйектейді: «Изучение колониального акта наименования мест позволяет географам исследовать, как колониальные власти называли или переименовывали места, чтобы узаконить территориализацию и ослабить территориальные претензии коренного населения. Власть была вписана в ландшафт через названия мест, которые помогали создать чувство принадлежности для колонизатора и, в конечном счете, были инструментом для осуществления контроля над социальной и физической средой» (Grounds, 2001). Отарланған топонимдерді зорлап енгізу, кодификациялау жаңа қоныстанушылардың жерге деген меншіктеу құқын арттырып, оны заңдастыруға ықпал етеді (Grounds, 2001). Сондай-ақ Граундстың пікірінше, отарлаушы билік өз тілін, әліпбиін және мәдени идиомаларын пайдалана отырып, жерлер мен географиялық аумақтардың атын өзгертуі империялық биліктің күшін нығайтуға бағытталған.

Нәш дәлелдегендей, отарлаушы биліктің бұл әрекеттері бір елдің тілі мен мәдениетінің эрозиясына әкеп соқтырады (Nash, 1999). Жер-су атауларымызға сол кезеңде және кеңес кезеңінде түскен «жараның» ізі әлі де карталарымыз бен оқулықтарымызда бар.

Орыс тарихнамасы терминологиясында «артық жерлер, «бос жатқан жерлер» дегенді батыстық ғалымдар Terra nullius – ешкім қоныстанбаған, сондықтан иелік етіп, қоныстануға болатын жерлер дейді екен (Алимбай и др., 2023; Williamson, 2023).

Тіптен қазақ жерін отарлаушы билік бақылауында болмаса да, олар қалдырған атаулар әсері метрополия жұртының санасында ұзақ уақыт сақтала береді екен (Murphyao & Black, 2015).

XVIII ғ. соңында-ақ Ресей империясының әкімшілері Қазақстан жерін отарлауды жер-су атауларын өзгерту арқылы халық санасынан өзінің иелік еткен жерлері жайлы тарихи жадын автоматты түрде өшіріп, Ресей империясының аумағын кеңейтіп, басқара беруге болатындығын түсінген болатын, – дейді И. Ерофеева (Ерофеева, 2014).

XIX ғасырда отарлау саясатының ықпалымен қазақ ауылының бұл дәстүрлі жүйесі ыдырап, XX ғасырда Қазақ төңкерісіне дейін үдей түсті. Сөйтіп, қазақ даласындағы ғасырлар бойы

калыптасқан көшпелі өмір салты орасан экономикалық, әлеуметтік дағдарысқа ұшырап, соңынан жойылды.

Осылайша орыс отарлау саясаты қазақ даласын отарлау, жер-су атауларын өзгерту арқылы халқымызды ұзақ мерзімде айықпас рухани апатқа ұшыратты. Тілінің, дінінің, ділінің, жер-су атауларының жаппай орыстану зардабынан қазақ халқы әлі күнге дейін арыла алмай келеді, яғни «постколониальная травма» деген ұғымға сай сананың орасан қатты уланғандығын білдіреді.

Дәстүрлі қазақ ауылының микротопонимиясының мәдени семантикасы. Отарланған қазақ жерлеріндегі халықтық микротопонимдердің мазмұнындағы мәдени семантикасын зерттейтін болғандықтан, 20 ғ. бас кезеңіндегі далалық топонимияның семантикалық мазмұны мен тілдік-географиялық-ландшафттық образын айқындау қажет болды. Өйткені орыстанған топонимдер негізінен ірі, ірілеу нысан атауларына қатысты болып келеді, ал ауыл төңірегіндегі мыңдаған микротопонимдер: орман-тоғай, су көздері, жайылым, қыстау, күздеу, суат, төбешік сынды шағын нысан атауларын өзгертіп жіберу мүмкін емес болғандықтан аталмыш кезеңде олар мыңдап кездесетін. Жойылу, орыстану алдында тұрған халықтық микротопонимдік жүйені Ресей үкіметінің Ф. Щербина сынды мамандары хатқа түсіріп үлгерген. Сол аса құнды деректер аталмыш аймақтардың топонимдік, географиялық бейнесін, қазақ халқының қолданыста болған тілдік, топонимдік контентін, ғаламның ономастикалық бейнесін анық көрсете алады.

Бұл еңбектердің дүниеге келгеніне ғасырдан астам уақыт өткенін ескерсек, зерттеу аймағындағы жер-су атауларының пайда болу кезеңі әрі қарай 400, тіптен Қазақ хандығы дәуірімен тұстас 500 жылға шегеріледі. Яғни бұл жерлер қазақ халқын құраған ру, тайпалардың, ата-бабаларымыздың «кіндік қаны тамған жер» атажұрты, байырғы этникалық, табиғи шекарасы болған төл мекені екендігінің нақты тілдік-фактологиялық, тарихи-дерекнамалық дәлелі.

Ф. Щербина еңбектерінде топонимдерден тыс антропоним, патроним, генонимдер тізімі берілген. Осы аталған онимдерді кітаптағы ретпен өзгеріссіз тізімдеп шыққанда 280 бет сөздікті құрады. Бұл жердегі деректерге қарасақ, қыстау иесі, ақсақалының аты-жөні екі антропонимдік компоненттің тіркесуінен жасалған. Біріншісі өз есімі, екіншісі әкесінің, атасының, арғы бабаларының, руының атынан қойылған. Тізімдегі алуан түрлі мәдени семантикаға ие антропоним, патронимдер (генонимдер) жеке зерттеуді қажет етеді.

Төменде берілген 1-кестенің 3-ші бағанында «сколько лет основан аул» делінген. Байқасақ, *Көбентай Нұрпейіс* есімді ақсақалдың ауылы *Кішкене Шілік* шатқалында 150 жылдан бері мекен еткен екен және соңғы аталарының есімі *Дархан*, су көздері ретінде Дарханға тиесілі 3 құдық болғандығын көреміз. Сонда орташа есеппен 4-5 шаңырақтан тұратын осы шағын ауыл Дархан жайлауын 150 жылдай иелік еткен. Ресей статистикалық партия есепшілері тіркегенде ауыл ақсақалының сөзінен жазылып отырған. Мұндай кейбір көрсеткіштерде 300 жыл бұрын көшіп келіп, отырғандығы жөнінде деректер бар. Яғни сөз етіп отырған аймақ бұдан 7 ата бұрын немесе шамамен 100-300 жыл бұрын қазақ рулары қоныстанған байырғы атажұрты екендігін білдіреді.

Әлихан Бөкейханов «Екі жол» атты мақаласында 1909 жылы Ертістің бойында отырған халықты жайылымынан айырып, тартып алмақ болғанда, Кереку қазақтарының Ресей шенеуніктеріне дәлелін келтіреді: «Біз Ертісте жүз елу жыл отырмыз. Ертіс тоғайының аты қоныс алған кілең бабамыздың аты. Ертісті өрлей, қуалай жүрген адамдар біледі: он шақырым жерінде қазақ бейіті қала сияқты. Ертіс бізге ата қоныс болған жер. Біз, Ертісте жоңғарды күшпен қуып қоныс қылғанбыз» (Бөкейхан, 1995: 267), Ертіс өңірі ертеден ата-бабаларымыздың «кіндік қаны тамған жер», төл атамекені екендігін дәлелдейді.

Зерттеу аймағындағы микротопонимдердің тілдік семантикасы ашық, түсінікті келеді. Жалпы микротопонимдер шектеулі аймақтың шағын географиялық нысан атауларын белгілейді. Олардың семантикасы негізінен ашық, түсінікті болады, тек атауы көне ірі өзен, тау жүйелерінің алқабында орналасқан микротопонимдер екіншілік аталым нәтижесінде пайда болып (көшірінді атаулар) этимологиясы күңгірт болуы мүмкін.

Таксондық тұрғыдан микротопонимдер де көпжүйелі топтарға жіктеледі. Мәселен, гидронимдер су көздерінің түрлері, жер бедеріне қатысты орографиялық атаулардың барлық түрлерін қамтиды, фитотопонимдер де өсімдік түрлеріне, наным-сенімге, оқиғаларға қатысты

топонимдер, *-ған, -ген*, мысалы, *Тайжүзген, Ешкіқырылған* сынды есімше жалғауымен келетін және т.б. атаулар типтері де сан-салалы болып келеді. *Қаратөгей, Қызыладыр, Талдыбұлақ, Сарытөбе* т.б. сынды көптеген топонимдік модельдер Қазақстанның барлық тарихи аймақтарында кездеседі деуге болады. Сондықтан осы типтес атауларды экстраполяциялық әдіспен бүкіл қазақ топонимдік жүйесіне тән деп таратып қарауға болады. Бұл типтес атаулар қазіргі топонимдік қорымыздың өзегінен орын алып, күні бүгінде белсенді қолданыста. Яғни тарихи сабақтастық жалғасын тауып отыр.

1-кесте – Ақмола облысы, Ақмола уезі. – III том (МКЗ орфографиясы мен бұрмалаулары сақталған)

НАЗВАНИЯ		3. Последняя по времени родночальника	4. Сколько летельцов в ауле	Водные источники 8. Название источника
1. Хозяйственного аула (зимовки) по аксакалу	2. Урочища, при котором находится зимовка			
АДМ. АУЛЬ № II				
Батырбек Ақылбек	Айғыр-джаль	Шагрь	70	Май-узекь-кудукь
Тореужан Отеубай	Кары-кстау	Кабыль	100	2 колодда
Қаты Манабай	Акъ-шоқы	Кунгбась	7 п.	кл. Акъ-шеку
Кобентай Нурпеись	Кшкене-чликь	Дархань	150	3 колодда
Тышкамбек Картымбекь	Акъ-сары		150	кл. Дархань
Ермагомбет Тойтакь	Чошакь		150	3 колодда
Сарсекей Дюсембай	Джамань-кара	Шагрь	150	1 колодезь
Ибрай Сулеймень	Кара-тумсукь		150	Бокань-булакь
Смаиль Толель	Кара-узекь		150	1 колодезь
Итыбай Тортууль	Кереге-тась	Телеке	100	1 колодезь
Джадарь Джанакь	Сокурь-кудукь		17	4 колодда
Бейсекь Казангап	Джуань-тобе	Телеке	150	Мональ-булакь
Кусань Муса	Кзыль-чликь		51	5 колодцевь
Джумабекь Козганбай	Кара-қырка	Дархань	70	1 колодезь
Накань Сади	Джалгызь тобе		51	оз. Чормань
				оз. Шагалап
				кл. Джалгызь-тобе

Көшпелі мал шаруашылығы дәстүрлі қазақ қоғамын басқарудың негізгі түрі ретінде оның тіршілік кеңістігін экологиялық тұрғыдан игеруге ықпал етті, қоршаған орта туралы түсініктер мен іргелі білімдер, этноэкологиялық таным-түсініктер қалыптасқан. Топонимдерді жасауда да, оны түсінуде де аялық білім қажет. Көшпелі қазақ халқының топонимдік жүйесі жөніндегі аялық білім сол тілдік, этномәдени қауымдастыққа тән аялық білімдер болады. Топонимдердің герменевтикасы – географиялық атаулардың мағыналарын, мәдени, тарихи және әлеуметтік контексте тереңірек түсінуді қамтитын тәсіл, сол білімдерді жеткізуші құрал.

Зерттеу аймағындағы Ақмола облысы Ақмола, Атбасар, Омбы, Петропавл уездерінде, Семей облысы Қарқаралы, Павлодар уездеріндегі микротопонимдерді талдау барысында оларды жасауға мына географиялық апеллативтердің жиілігі өте жоғары екендігін байқадық: *ағаш, қыстау, шілік, томар, сай, тас, жұрт, адыр, өзек, шоқы, томар, жал, көң, оба, көл, су, өткел, шығанақ, қоға, ащы, түбек, қопа, адыр, бұлақ, шұбар, мола* т.б. Әр облыс уездердің табиғи ерекшеліктеріне қарай топоним құрамындағы бұл индикатор сөздердің қолдану жиілігіндегі айырмашылықты байқауға болады. Сулы, ылғалды немесе тасты, жазық жерлердің ерекшеліктеріне қарай жүйелей түсуге болады. Сол кездегі көптеген микротопонимдердің тілдік семантикасы анық болып келеді, ал олардың әралуан сөздермен тіркесуі тілден тыс ақпараттар мен халықтық рационалды білімдерді көрсете алады. Мысалы, *Айналматүбек, Молалытүбек, Обалытүбек, Ұзынтмар, Жамантомар, Сасықтомар, Былқылдақтомар, Суаттомар, Тырналытомар, Томарқызық* т.б.

Н.И. Красовский қазақ даласындағы жер-су атауларын жинақтау барысында мынадай принцип ұстанғандығын көрсетеді (түпнұсқаның орфографиясы сақталған – Қ. Р.): «Названия гор, озер, рек и всех вообще степных урочищ часто не неизменны: случается, что каждый отдельный род называет одно и то же место по своему. В области сибирских киргизов, разбитой на волости, имеюция зимовые места более нежели где-нибудь постоянными, данные этими

волостями различных местностям наименования можно считать укоренившимися. Многие из них известны всем окружающим, а иногда областным киргизам. При обозначении местностей мы старались по возможности придерживаться собирательных наименований, известных в округе всем живущим в нем киргизам» (Красовский, 1868).

Жоғарыда аталған 6 уездің топонимдер тізіміндегі (280 бет, 11-ші шрифтпен терілді – Қ. Р.) кейбір апеллативпен тіркесу жиілігі төмендегідей: *ағаш* – 495 атауды жасауға қатысқан, *тал* – 340 рет, *көң* – 130, *шілік* – 147, *тас* – 214, *оба* – 150, *қона* – 74, *томар* – 72, *жұрт* – 72, бұл статистикалық талдау әрі жалғасын табады. Ондағы мақсат – сол кезеңдегі дәстүрлі көшпелі халықтың танымындағы ғаламның топонимдік бейнесін, оның ішінде белсенді, сол этномәдени қауымдастық үшін атаудың уәжділігіндегі маңызды ақпараттың өзектілік деңгейін анықтау.

Жиілігі ең жоғары *ағаш* индикаторымен келетін микротопонимдердің түрлі лексемалармен тіркесуі алуан түрлі этномәдени семантиканы репрезенттейтіндігін төмендегі кестеден байқауға болады.

2-кесте – *Ағаш* индикаторының топонимдердегі мәдени репрезентациясы

Топоним	Аталым уәжі	Тілдік семантикасы	Мәдени семантикасы
Тіней-Қызыалағаш	Орналасуына қарай уәжелген	Тіней руы ауылының төңірегіндегі Қызыалағаш	Нақты Орта жүз қоңырат тайпасына жататын тіней руының ауылға иелік ететін және ру-тайпалық құрамынан хабар беретін білім бар.
Масалы ағаш	Ағаш сөзі жекеше түрде берілгенімен бұл тал, бұталар өскен суы жақын, ылғалды тоғай, мұнда маса көп болуымен түсіндіріледі	Масасы көп топ ағаш өскен жер	Шөбі шүйгін, шұрайлы жер болғанымен масалы, малға жайсыз, малдың күйі қашатын жер. Малшы үшін бұл қажет ақпарат, аялық білім бар. Халықтық рационалды практикалық білім түріне жатады.
Сыйырыққан ағаш	Сыйыр ірі қара малы паналуға қолайлы жер	Сыйыр малы паналаған ағашты жер	Бір немесе бірнеше шоқ ағаш, әртекті талдар, бұталар өсетін нулы жыныс, мал ыққанына ыңғайлы. Малшы үшін жағымды ақпарат беріп тұрған (сигналдайтын) белгі атау.
Саз ағаш	Жер бедерінің, топырақтың батпақтар немесе грунт суларымен ылғалданатын жер	Батпақты жердегі бұталы, ағашты тоғай	Сазды жерге мал батып кетуі мүмкін, малға жайсыз шыбын-шіркейлі болуы да мүмкін. Бұл малшы тұрмысына қажет мәдени ақпарат.
Қыңыр ағаш	Атау «жайсыз» деген сема арқылы уәжеліп тұр.	Семантикасы «тоғайдағы бұталар қисық, қалай болса солай өскен».	«Қисық бұтақ қыңыр өседі» деген мәтел бар. Мал тұмсығы батпайтын, кіре алмайтын нулы тоғай. Аялық білімдер шоғырланған. Сол жердегі ауыл-аймаққа мекенжайлық қызмет атқарып тұр.
Қисық ағаш	Атаудың басты уәжі нысанның формасы, сырт пішініне қарай уәжелген. Қыңырағаш синонимі.	Бұл жерде қисық деп жалғыз ағашты меңземейді, қисық, қиқы-жикқы қалың бұталы тоғай дегенді білдіреді.	Көшпелі малшыға бұл атау күнделікті түрлілігіне байланысты рационалды-практикалық білімді көрсетіп тұр. Негізгі сигнал «мал жаюға ыңғайсыз» ақпараты өзектеліп тұр. Сондай-ақ мекенжайлық ақпарат береді.
Ағаш мола	Ағаштан тұрғызылған жалғыз жарым мола.	Бақсының жерленген моласы. Әруақты мазаламас үшін бақсыны бөлек жерге қояды.	Кеңістіктегі жол бойында жолаушыға бағыт-бағдар береді. Кей жерлерде бұндай моланы Қарамола деп те атайды.
Бүкпе ағаш	Арғы жақты көзден тасалап тұратын қалың өскен жердің ағашы.	Жалғыз жарым өскен ағашты білдірмейді, өзен-судың бойында қалың өскен жердің ағашы.	Бүкпе ағаштың ішіне мал кіріп кетсе, оны іздеп табу қиынға соғады.

2-кестенің жалғасы

Төс ағаш	Төскей (жер бетінен көтеріңкі) жерде өскен ағаш.	Төс және төсек пішінді көтеріңкі жерде тұтасып өскен жердің ағашы деп екіұдайы мағынада түсінуге болады.	Мал бағуға, жан-жақты шолуға қолайлы жер.
Кіндік ағаш	Екі уәж бар: 1. Мекен, жайлы жер. Құтты қоныс. 2. Ауыл төңірегінің өзегінде, ортасында орналасқан.	Оты, суы мол жер. Сондай-ақ семантикасында «өзек, орталық» локальдық семасы бар.	Мал кіндігінің көбейетін, төлдейтін жері. Кіндік соматикалық термин арқылы жасалған, ағаштың жайлаудың ортасында орналасқан топ ағаш болуы мүмкін.
Қақсал ағаш	Әуелде бұлақ-бастаудың жағалауында өскен, кейіннен су тартылып қалғандықтан бірте-бірте қурай бастаған ағашты жер.	Қақсал әбден кеуіп, мүжілген, қатайған ағашқа байланысты айтылады.	Ағаш шеберлері қақсал ағашты өңдеп, қасық, ожау, киім ілгіш т.б. әртүрлі тұрмыстық бұйымдар жасайды.
Отын ағаш	Отынға жарайтын ағаш	Тасыған өзен-су бойындағы салынды жиналып қалған жер.	Қазақы дәстүрде өсіп тұрған ағашты отын-суға кестірмейді, өзен бойындағы қураған ағаштарды жинап отынға пайдаланады.

Ағаш лексемасының ғылыми анықтамасына келейік.

АҒАШ < 1. Тамырын терең жайып, бұтақтап өсетін, діні биік, жуандығы әр түрлі көпжылдық өсімдік; жапырағына, діңіне және басқа да табиғи ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөлінеді. Олардың әрқайсысының қазақ тілінде өз атауы бар: *қарағай, тал, қайың, алма, өрік, шырша, шынар, қарағаш, үйеңкі* т.т.; 2. Ағаш өсімдігінен алынатын, яғни оның түбірінен кесіп алғаннан кейінгі құрылысқа, үй жасауға, ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жасауға, сондай-ақ отын ретінде жағуға пайданылатын материалдар (Қайдар, 2013).

Ертеде дәстүрлі ортада ағаштың тұрмыс пен шаруашылыққа жарамдылығына қарай *отындық ағаш* және *кәделік ағаш* деп екі топқа бөлген. Ал өсу, даму сатысына байланысты да екі түрге бөледі: *жас ағаш* және тіршілік циклы аяқталуы жақын *кәрі ағаш*.

Ағаш туралы халықтық (рационалды) білімдер. Қазақ халқы өсімдік дүниесінің қадір-қасиетін тереңнен таныған халық. Мәселен, тек ағашқа қатысты айтар болсақ, оның көптеген түрлері, күнделікті тіршілігінде тұтынатын бұйым, заттар, киіз үйге, үй, мал, қора жабдықтары, колөнер бұйымдарының алуан түріне пайдаланған, емдік қасиетін білген т.б. Мұның бәрі халықтық рационалды білім түрлеріне жатады. Әрқайсысына тоқталып, әрі қарай сипаттап, аша түсуге болады. Бұл туралы Ә. Қайдардың көрсетілген еңбегінде және жоғарыда аталған 5-томдық энциклопедияда жан-жақты айтылған.

Ағаш жөніндегі иррационалды (мифтанымдық) білімдер: анимистік, эзотериялық дүниетанымға байланысты туындаған наным-сенімдер бойынша ағаштарда жаны бар «тіршілік иесі» деп түсінілген.

Кейбір ертегілерде қасиетті ағаш та адамдар сияқты сөйлейтін болған. Бұны фетишизмнің көрінісі деуге болады. Ә. Диваевтың этнографиялық материалдарында мынадай аңыз кездеседі: «*Даугер мен жауапкер ісінің ақ-қарасын, сөзінің рас немесе жалған екенін адамша сөйлейтін сол ағаш айтып береді екен. Кейіннен қилы заман өтіп ағаш сөйлемейтін болыпты. Бірақ адамдар әлі де дауларын сол ағаштың түбіне барып айтады екен*» (Диваев, 1992).

Ақиқат дүниеде ағаштар сөйлемейтіндігі белгілі, бұл антропоморфтау тәсілі. Н. Уәли бұл жөнінде былай дейді: «Бұл сөздің мазмұнында «тасаланған» мәннің бар екені айқын. Ертеде бір *ағашты* белгілеп, ғажап қасиетке ие көп құдайдың бірі деп танып, әртүрлі ғұрыптық салттарды сол *ағаштың* түбінде өткізетін болған.

Жапан түзде өскен жалғыз ағашты халық қасиетті *әулие ағаш, әулие тал* деп атайды. Қазақ наным-сенімі бойынша оны кеспейді, зақым келтірмейді. Қасиеттілігіне сеніп, тілек айтып, шүберек байлаған. Бұл дәстүр, ұлттық құндылықтың көрінісі әлі күнге өз жалғасын тауып

келеді.

Ағаш туралы этноэкологиялық түсініктер. Қазақ дәстүрінде жаңа шыққан көкті жұлмайды, ағаш бүрлерін үзбейді. Көк шыбықты, көк өркенді сындырмайды. Өйткені жас өркеннің бәрі бақыттың бастамасы, барлық тірліктің қайнар көзі деп біледі. Текке ағашты шаппайды, тұрмыстық қажеттілігіне, отындыққа қураған ағашты, бұтақтарын пайдаланған.

Ағашқа қатысты наным-сенім, ырымдар. Көк жұлсаң көктей соласың деп ырымдалады. Сондай-ақ қазақ дәстүрінде қосарланып өскен, қатар біткен ағашты кеспейді. Себебі қосағыңнан айырыласың, қанатыңнан қырқыласың деп тыйым еткен. Яғни, дүние түгел егізден жаралған, ал егіздің сыңарын құлатқан оңбайды, көңілі қапаланып, зарығып өтеді деп қатты ырымдайды.

Ағашқа қатысты тағы бір тыйым далада жатқан, шала жанған ағашты үйге кіргізбейді. Өйткені, «күйелі ағаштай» адамға пәле жұққыш үйірсек болып кетеді деп ырымдаған. Яғни көңіл шаладай бықсып, үй ішінде алауыздық туады, тіптен қорадағы қой, өрістегі жылқы, қотандағы сиыр, даладағы түйе шала туып, шығын көбейеді деп ырымдайды. Береке кетіп, бақ сөнеді, адам өледі деп қорқады.

Малды қу шыбықпен немесе қабықсыз ағашпен, әсіресе жыңғылмен айдатқызбайды. Қазақ ырымында жыңғыл қатты жынысты болғандықтан онымен мал айдау жамандық нышаны делінеді. Бұл тыйым «Кендірменен мал байлама, жыңғылменен мал айдама, Жыңғылменен айдасаң, мал бігер деп ойлама» деген сөз орамында көрініс береді.

Топоним құрамындағы бір ғана *ағаш* лексемасының семантикасын талдау арқылы оның мазмұнындағы алуан түрлі ақпараттардың, мәдени семантикасындағы халықтық білімдердің өзектелетіндігін көреміз. Мұның өзі герменевтикалық түзілім құрайды. Бұл түзілімді әрі қарай лингвомәдени концепті аясында, ассоциативтік өріс арқылы толықтыра беруге болады.

Осы тәріздес талдауды кез келген атауға жүргізуге болады, мысалы, *оба* сөзімен тіркесетін микротопонимдер: *Ақ оба, Қызыл оба, Обалы түбек, Обалы қойтас, Сарыоба, Қособа* т.б. *Оба* – этномәдени, танымдық әлеуеті өте жоғары тілдік бірлік.

Жалпы ономастика ғылымында топонимдерді мәдени мәтін деп түсіну қалыптасып келеді. Мәселен, біз зерттеп отырған тарихи кезең, сол тарихи орта дискурс деп түсінілсе, ономастикалық атауларды сол дискурс бойындағы көпқатпарлы мәдени, тарихи білімдер мен ақпаратты бойына жинақтаған мәтіндер деп түсінуге болады.

Ресейлік ғалымдар талданатын топонимдік фактілерге бірінші кезекте семиотикалық тәсілді қолдана отырып, ономастикалық, әсіресе топонимиялық материалды арнайы құрылымдалған мәтін ретінде түсіндіруді ұсынған болатын. Семиотикалық тұрғыдан бұл «мәтін» әрбір топонимде және топонимдердің бүкіл жүйесінде кодталған ақпараттың жиынтығы деп есептейді.

Біздің пайымдауымызда, топонимиялық деректерді уақыт пен дискретті географиялық кеңістікте «шашыраңқы» орналасқан халықтық түсініктерді білдіретін, әмбебаптық сипаттағы этномәдени, саяси-экономикалық, әлеуметтік тілдік бірліктерден құралған *мәдени мәтін* ретінде қарастыру қажет. Топонимдердің концептуалдық, ассоциативтік мазмұнындағы барша ақпаратты, яғни топонимдік мәтіндерді абстрактілі түрде визуалдауға болады және лингвомәдени сипаттағы мәтін ретінде «Қазақ тілінің ұлттық корпусында» вербалдауға да болады.

Қорытынды

Ф. Щербина т.б. авторлар еңбектеріндегі ономастикалық материал, ондағы сол кездегі қазақ даласының әлеуметтік құрылымы, жер бөлінісі мен жерді пайлану нормалары, ауыл, рутайпалардың көшіп-қону, иелік ету, ауыл төңірегіндегі жер-су атаулары т.т. зерттеу аймағының ежелден қазақ халқы иелік еткен, шекарасы болған атажұрты екендігі тарихи, топонимдік деректермен дәйектелді.

Зерттеу аймағындағы XIX ғ. соңы мен XX ғ. бас шеніндегі сол аймақтың топонимдік, географиялық бейнесі айқындалды, жер-су атауларының этномәдени семантикасы берілді.

Қазақстанның солтүстік, солтүстік-шығыс аймақтарының ерте кезден қазақ тайпалары иелік еткен төл территориясы екендігін тілдік-тарихи тұрғыдан дәйектеу, лингвомәдени семантикасындағы бүкпелі ақпаратты ашуға әрекет жасалды.

Жер-су атауларын әрі қарай тереңдетіп зерттеу үшін герменевтикалық түзілімге сай сол дәуір дискурсында, тарихи контекстінде қарастыру қажеттілігі жөніндегі гипотезамыз қуаттала түсті. Нақтырақ айтқанда, дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымы, жерге қатысты қалыптасқан экономикалық қатынастар, жерге, су көздері мен жайылым, күзеу, қыстау сынды физика-географиялық, әлеуметтік атрибуттарға иелік ету формасын ескере отырып зерттеу қажеттілігі анықталды. Лингвокогнитивтік тұрғыдан сол кезеңдегі аксиогемаларды анықтау, топонимдерді тарихи, тілдік, мәдени феномендік факт ретінде қарастырумен байланысты.

Зерттеудің болашақ *перспективасы*:

- Қазақстанның барлық тарихи аймақтарының жер-су атауларын XIX-XX ғғ. тарихи дереккөздерден жинап, инвентарлау, каталог жасап цифрландыру қажет. Ресей патша үкіметінің әскери топограф, геодезия, статистика мамандарының қазақ жерін жан-жақты сипаттаған еңбектері *pdf* форматта (фото түрінде) цифрланғаны белгілі. Ф. Щербинаның 13-томдығы т.б дереккөздердегі ономастикалық материалдарды жеке тізім-каталогқа *word*, *excel* форматына салу керек;

- тарихи ономастикалық атаулар дерекқорын (базасын) жасап, оны «Қазақ тілінің ұлттық корпусының» Ономастикалық ішкорпусы базасына енгізу керек;

- тарихи ономастикалық блоктағы топонимдер, антропонимдер, генонимдерге жан-жақты кешенді гуманитарлық талдау жасау қажет.

Бұл шаралардың тарих, тіл ғылымдарының болашағына, руханиятымызға қажеттілігі мен маңызы өлшеусіз. Себебі бұл деректер – ата-бабаларымыздан қалған тілдік, мәдени мұра, ментефакт. Сондықтан байырғы қазақ жерінің бүкіл бір тарихи дәуірін сипаттайтын осындай бай тілдік-фактологиялық материалды шашауын шығармай жинап алу, жүйелеу, зерттеу – болашақ ұрпаққа қалдырар аса құнды мұрамыз.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР 14872289 «Қазақстанның солтүстік және солтүстік-шығыс аймақтарының тарихи топонимдерін ұлттық мемлекеттілік контексте лингвомәдени тұрғыдан зерттеу» атты ғылыми жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер

- «Айқап» газеті (1995) // Құрастырушылар: Ү.Сұбханбердина, С. Дәуітов. – Алматы, 1995.
- Алимбай Н., Кабульдинов З.Е., Смагулов Б.К. (2023) Вопросы крестьянской колонизации Степного края в Государственной думе Российской империи (1906–1917 гг.) // *Turkic Studies Journal*. – 2023. – №3. – С. 7-40.
- Ахметжанова Г., Мәлікова С., Оспанов К., Тайшыбай З. (2015) Атамекен атаулары (Солтүстік Қазақстан облысының топонимикалық атаулары. Ғылыми басылым). – Петропавл, 2015. – 343 б.
- Бекзатқызы И. (2021) Ақмола облысының тарихи топонимдері. Исторические топонимы Акмолинской области. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 96 б.
- Бөкейхан Ә. (1995) Таңдамалы (Избранное). /Гл. ред. Р. Нургалиев. Сост.: С. Аққұлұлы./ – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 б.
- Диваев Ә. (1992) Тарту. – Алматы, 1992. – 256 б.
- Ерофеева И.В. (2014) Историческая топонимика Казахстана как составная часть культурного наследия номадов // Проблемы изучения нематериального культурного наследия народов Казахстана и Центральной Азии: топонимика, эпиграфика, искусство. Сб. мат-лов межд. науч. конф. – Алматы: Изд. EVO PRESS, 2014. – 292 с.
- Красовский Н.И. (1868) Область сибирских казахов / Материалы для географии и статистики России. – Т. 16, Ч. 1. – СПб., 1868. – 428 с.
- Кшибеков Д. (1984) Кочевое общество: генезис, развитие, упадок. – Алма-Ата, 1984.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі (2017). – Алматы: Әлем. Даму. Интеграция, 2017. – Т. 1-5.
- Қайдар Ә.Т. (2013) Қазақтар ана тілі әлемінде (*этнолингвистикалық сөздік*). Табиғат. – Алматы: Сардар, 2013. – I том. – 612 б.
- Щербина Ф.А. Материалы по киргизскому землепользованию: В 12-томах. Собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей под руководством Ф. Щербины. – ТТ. II, III, IV, VI, XI. – 1902-1906 гг.
- Масанов Н.Э. (1995) Кочевая цивилизация казахов. – М., 1995.
- Муқанов М.С. (1991) Этническая территория казахов в XVIII – начале XX веков. – Алма-Ата, 1991.
- Мырзахметов М. (1993) Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра, 1993. – 128 б.

- Рысберген Қ. (2011) Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011.
- Толыбеков С.Е. (1971) Кочевое общество казахов в XVI – начале XX века. – Алма-Ата, 1971.
- Уәли Н. (2015) Ұлттық мәдениеттің мәдени кодтарын ашу мәселелері // Тілтаным. – 2015. – №3. – 44-57-бб.
- Grounds R. A. (2001) Tallahassee, Osceola, and the hermeneutics of American place-names. *Journal of the American Academy of Religion*, 69(2), 287–322. <https://doi.org/10.1093/jaarel/69.2.287>
- Murphyao A., & Black K. (2015) Unsettling settler belonging: (Re)naming and territory making in the Pacific Northwest. *American Review of Canadian Studies*, 45(3), 315–331. <https://doi.org/10.1080/02722011.2015.1063523>.
- Nash C. (1999). Irish placenames: Post-colonial locations. *Transactions of the Institute of British Geographers*, 24(4), P. 457-480. <https://doi.org/10.1111/j.0020-2754.1999.00457>.
- Nursan A. Alimbay, Anar M. Fazylyzhanova, Bolat Q. Smagulov, Kyzdarhan K. Rysbergen (2023) Strengthening the Peasant Colonization of the Kazakh Krai in the Period of the Stolypin Agrarian Reform (1906–1917) // *Bylye Gody*. – 2023. – 18(4).
- Nursan A. Alimbay, Bolat K. Smagulov (2020) Fundamental Changes in the Traditional System of the Kazakhs-Nomads in the Context of the Colonial Policy of the Russian Empire (late 19th – early 20th centuries): Factors and Consequences // *Bylye Gody*. – 2020. – Vol. 58. – Iss. 4.
- Williamson B. (2023). Historical geographies of place naming: Colonial practices and beyond. *Geography Compass*, 17(5), e12687: <https://doi.org/10.1111/gec3.12687>

References

- «Ajqap» gazetі (1995). Qurastyrushylar Y.Subhanberdina, S. Dautov. – Almaty, 1995. – 74-94-bb. [Aiqap newspaper. Compilers: U. Subhanberdina, S. Dautov. – Almaty, 1995. – P. 74-94] (in Kazakh)
- Alimbaj N., Kabul'dinov Z.E., Smagulov B.K. (2023) Voprosy krest'janskoj kolonizacii Stepnogo kraja v Gosudarstvennoj dume Rossijskoj imperii (1906–1917 gg.). – *Turkic Studies Journal*. – 2023. – №3. – S. 7-40. [Alimbaj N., Kabul'dinov Z.E., Smagulov B.K. (2023) Issues of peasant colonization of the Steppe region in the State Duma of the Russian Empire (1906-1917). – *Turkish Studies Journal*. – 2023. – No.3. – P. 7-40] (in Russian)
- Ahmetzhanova G., Malikova S., Ospanov K., Tajshyбай Z. (2015) Atameken ataulary (Soltustik Kazakhstan oblysynyng toponimikalyq ataulary. Gylymi basylym). – Petropavl, 2015. – 343 b. [Akhmetzhanova G., Malikova S., Ospanov K., Taishyбай Z. (2015) Atameken names (toponymic names of the North Kazakhstan region. Scientific publication). – Petropavlovsk, 2015. – P. 343] (in Kazakh)
- Bekzatqyzy I. (2021) Aqmola oblysynyng tarihi toponimderi. Istoricheskie toponimy Akmolinskoj oblasti. – Nur-Sultan, 2021. – 96 b. [Bekzatqyzy I. (2021) Historical toponyms of the Akmola region. – Nur-Sultan, 2021. – 96 p.] (in Kazakh)
- Bokejhan A. (1995) Tangdamaly (Izbrannoe). Gl. red. R. Nurgaliev. Sost.: S. Akkululy. – Almaty: Qazaq jenciklopedijasy, 1995. – 478 b. [Bokejhan A. Tangdamaly (Favorites). Editor-in-chief R. Nurgaliev. Compiled by S. Akkululy. – Almaty: Kazakh Encyclopedia, 1995. – 478 b.] (in Kazakh)
- Divayev A. (1992) Tartu. – Almaty, 1992. – 256 b. [Divayev A. (1992) Tartu. – Almaty, 1992. – 256 p.] (in Kazakh)
- Erofeeva I.V. (2014) Istoricheskaja toponimika Kazahstana kak sostavnaja chast' kul'turnogo nasledija nomadov. – Problemy izuchenija nematerial'nogo kul'turnogo nasledija narodov Kazahstana i Central'noj Azii: toponimika, jepigrafika, iskusstvo. Sb. mat-lov mezhd. nauch. konf. – Almaty: Izd. Evo Press, 2014. – 292 s. [Yerofeyeva I.V. (2014) Historical toponymy of Kazakhstan as an integral part of the cultural heritage of nomads. – Problems of studying the intangible cultural heritage of the peoples of Kazakhstan and Central Asia: toponymy, epigraphy, art. Collection of materials of the international scientific conference. – Almaty: Ed. Evo Press, 2014. – 292 p.] (in Russian)
- Krasovskij N.I. (1868) Oblast' sibirskih kazahov. – Materialy dlja geografii i statistiki Rossii. – T. 16. – Ch. 1. – SPb., 1868. – 428 s. [Krasovsky N.I. (1868) The region of Siberian Kazakhs. – Materials for geography and statistics of Russia. – Vol. 16. – Part 1. – SPb., 1868. – 428 p.] (in Russian)
- Kshibekov D. (1984) Kochevoe obshchestvo: genezis, razvitie, upadok. – Alma-Ata, 1984. [Kshibekov D. (1984) Nomadic society: genesis, development, decline. – Alma-Ata, 1984.] (in Russian)
- Qazaqtyng jetnografijalyq kategorijalar, ugymdar men ataularynyng dasturlı zhujesi. (2017) – Almaty: Alem. Damu. Integracija, 2017. – T. 1-5. [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names. – Almaty: World. Development. Integration, 2017. – Vol. 1-5.] (in Kazakh)
- Qajdar A.T. (2013) Qazaqtar ana tili aleminde (jetnolingvistikalıq sozdik). Tabigat. – Almaty: Sardar, 2013. – I tom. – 612 b. [Qajdar A.T. (2013) Kazakhs in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary). Nature. – Almaty: Sardar, 2013. – 612 p.] (in Kazakh)
- Shherbina F. A. Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniju: V 12-tomah; Sobrannye i razrabotannye jekspedicej po issledovaniju stepnyh oblastej pod rukovodstvom F. Shherbiny. – TT. II, III, IV, VI, XI. – 1902-1906 gg. [Sherbina F.A. Materials on Kyrgyz land use: In 12 volumes. Collected and developed by the expedition to explore the steppe regions under the leadership of F. Sherbina. – V. II, III, IV, VI, XI. – 1902-1906] (in Russian)
- Masanov N.Je. (1995) Kochevaja civilizacija kazahov. – M., 1995. [Masanov N.E. (1995) The nomadic civilization of the Kazakhs. – M., 1995.] (in Russian)
- Mukanov M.S. (1991) Jetnicheskaja territorija kazahov v XVIII-nachale XX vekov. – Alma-Ata, 1991. [Mukanov M.S. (1991) The ethnic territory of the Kazakhs in the XVIII-early XX centuries. – Alma-Ata, 1991.] (in Russian)
- Myrzahmetov M. (1993) Qazaq qalaj orystandyryldy. – Almaty: Atamura, 1993. – 128 b. [Myrzahmetov M. (1993)

- How the Kazakhs was Russified. – Almaty: Atamura, 1993. – 128 p.] (in Kazakh)
- Rysbergen Q. (2011) Ultyq onomastikanyng lingvokognitivtik negizderi. – Almaty: Dajk-Press, 2011. [Rysbergen Q. (2011) Linguocognitive foundations of national onomastics. – Almaty: Dyke-Press, 2011.] (In Kazakh)
- Tolybekov S.E. (1971) Kochevoe obshhestvo kazahov v XVI-nachale XX veka. – Alma-Ata, 1971 [Tolybekov S.E. (1971) The nomadic society of Kazakhs in the XVI-early XX century. – Alma-Ata, 1971.] (in Russian)
- Uali N. (2015) Ultyq madenietting madeni kodtaryn ashu maseleleri. – Tiltanym. – 2015. – №3. – 44-57-bb. [Uali N. (2015) Problems of discovering cultural codes of national culture. – Tiltanym. – 2015. – No.3. – P. 44-57] (in Kazakh)
- Grounds R. A. (2001) Tallahassee, Osceola, and the hermeneutics of American place-names. Journal of the American Academy of Religion, 69 (2). – P. 287-322. <https://doi.org/10.1093/jaarel/69.2.287> (in English)
- Murphyao A., Black K. (2015) Unsettling settler belonging: (Re)naming and territory making in the Pacific Northwest. American Review of Canadian Studies, – 45(3). – P. 315-331. <https://doi.org/10.1080/02722011.2015.1063523> (in English)
- Nash C. (1999) Irish placenames: Post-colonial locations. Transactions of the Institute of British Geographers, – 24(4), 457-480. <https://doi.org/10.1111/j.0020-2754.1999.00457> (in English)
- Nursan A. Alimbay, Anar M. Fazylzhanova, Bolat Q. Smagulov, Kyzdarhan K. Rysbergen (2023) Strengthening the Peasant Colonization of the Kazakh Krai in the Period of the Stolypin Agrarian Reform (1906-1917). – Bylye Gody. – 2023. – 18(4). (in English)
- Nursan A. Alimbay, Bolat K. Smagulov (2020) Fundamental Changes in the Traditional System of the Kazakhs-Nomads in the Context of the Colonial Policy of the Russian Empire (late 19th – early 20th centuries): Factors and Consequences. – Bylye Gody. – 2020. – Vol. 58. – Iss. 4. (in English)
- Williamson B. (2023) Historical geographies of place naming: Colonial practices and beyond. Geography Compass, 17(5), e12687: <https://doi.org/10.1111/gec3.12687>. (in English)

Мақаланың редакцияға түскен күні: 22.04.2024